

**Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті жанындағы  
техникалық дайындық бағыттары бойынша ҚР ЖОО оқу-әдістемелік  
бірлестігінің қызметі туралы**

**ЕСЕП**

**2019-2020 оқу жылы**

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. № 562 бұйрығымен 4 дайындық бағыты бойынша базалық ЖОО болып бекітілді

1. **Инженерия және инженерлік іс** (Механика және металл өңдеу, Геофизикалық инжиниринг және технологиялар);
2. **Өндірістік және өңдеу салалары** (Тау-кен ісі);
3. **Стандарттау, сертификаттау және метрология** (салалар бойынша);
4. **Өндірістегі гигиена және еңбекті қорғау.**

ОӘБ жұмысы РОӘК ұсынымдары мен ҚР БҒМ тапсырмаларына сәйкес келетін ОӘБ - ҚарМТУ бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

– ҚарМТУ жанындағы ЖОО ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары аясында орындалды:

– ҚарМТУ жанындағы ЖОО ОӘБ 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленді.

– Әр түрлі дайындық бағыттары бойынша 84 адамнан тұратын ОӘБ-ҚарМТУ жеке құрамы құрылды.

– Университет сайты ҚарМТУ ОӘБ бөлігінде жаңартылды, онда ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары және бекітілген даярлау бағыттарының (білім беру бағдарламаларының топтары) тізбесі белгіленді.

– Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстармен алмасу мақсатында ЖОО мен жұмыс берушілер үшін қолжетімді арнайы ЖБТ – ОӘБ порталы құрылды.

– Бекітілген 480 кәсіптік стандарт негізінде жаңартылатын (әзірленетін) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізбесі қалыптастырылды.

– Ж және ЖкБ департаменті мен «Атамекен» ҰКП тапсырмасы бойынша дайындықтың жетекшілік ететін бағыттарына байланысты 55 кәсіптік стандартқа талдау жасалды. Ол үшін барлық бекітілген кәсіптік стандарттар олардың бейініне сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту және оқытудың сапалы нәтижелерін қалыптастыру мақсатында егжей-тегжейлі қарау үшін ҚР 22 ЖОО мен 20 ғылыми-өндірістік ұйымының атынан ЖБТ-ОӘБ Кеңесінің 54 мүшесіне жіберілді. Бекітілген кәсіптік

стандарттардың принциптік кемшіліктері ашылып, теңдестірілген оқыту нәтижелері негізінде білім беру бағдарламаларын сапалы жаңарту үшін жоғары оқу орындарының жұмыс берушілердің кәсіптік бірлестіктерімен анағұрлым тығыз өзара іс-қимылы бойынша нақты ұсынымдар жасалды.

- РОӘК ұсынымы бойынша ЖБТ – ОӘБ жобалық қызметінің нәтижелерін нормативтік-бағдарламалық құжаттарға имплементациялау бойынша ұсыныстар дайындалды. ЖБТ-ОӘБ жаңа құрамы құрылды, онда әртүрлі кәсіпорындар мен жұмыс берушілер бірлестіктерінен өкілдік кеңейтілді (38), бұл ЖОО өкілдігінің 30% жуығын құрайды.

- Бекітілген кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптары негізінде Ж және ЖкБ білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша Жол картасын іс жүзінде іске асыру шеңберінде 17 білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың Негізгі Нәтижелері әзірленді, олар ҚР БҒМ-ге берілді (2020 жылғы маусым).

Осы күрделі жұмыстың сәтті аяқталуы алдында: ОӘБ Кеңесінің барлық мүшелерінің күш-жігерін біріктіру, құзыреттілік форматында ұсынылған Оқыту нәтижелерін қорытындылау үшін 11 адамнан тұратын сарапшылар тобын құру болды. Жол картасын іске асырудың жекелеген аспектілері 2019 жылғы желтоқсаннан бастап 2020 жылғы маусымға дейін онлайн-режимде өткізілген ОӘБ Кеңесінің 6 отырысында қаралды.

- Біліктіліктің ұлттық жүйесін дамыту, кәсіптік және білім беру стандарттарын ұштастыру және жоғары мектеп пен еңбек саласының өзара іс-қимылының нәтижелілігін арттыру негізінде жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірленді□.

- РОӘК ұсынысы бойынша ҚарМТУ ОӘБ-РОӘК оқу-әдістемелік әдебиет басылымының перспективалық тақырыптық жоспары құрылды, ол КарМТУ, АЭжәнеБУ, ҚазККА, ЭИТИ, ПМУ, ҚазҰТЗУ, ҚарМТУ, ШҚМТУ, КАТУ және т. б. жоғары оқу орны өкілдерімен бірлескен авторлықта жетекшілік ететін даярлау бағыттары бойынша оқитын студенттерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының 48 атауын қамтиды.

- Ж және ЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша білім беру процесіне «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы (қыркүйек 2019ж.) аясында қазақ тілінде оқулықтар енгізу жөнінде Жол картасы әзірленді.

- Ж және ЖкБ департаментінің ұсынысы және Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің хаты бойынша бағалау парақтары негізінде бакалавриаттың 6 білім беру бағдарламасы бойынша алдағы 5 жылда еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерге талдау жасалды (2019 жылғы желтоқсан).

– Ж және ЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының және магистратура мен докторантура деңгейіне түсу үшін бакалавриат пен магистратура мамандықтарының сәйкестік кестелері құрастырылып, ҚР БҒМ-не берілді (2020ж. қаңтар).

– «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығына дайындықтың жетекшілік ететін бағыттары бойынша оқу-әдістемелік әдебиет рецензенттерінің тізімі жіберілді (2020ж. қаңтар).

– Ж және ЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша ҚарМТУ ОӘБ бағыттары және тест спецификациясы бойынша магистратураға қабылдау кезінде кешенді тестілеуді өткізу үшін бейіндік пәндер тізбесі құрастырылды. Материалдар ҚР БҒМ берілді (2020ж. ақпан).

– Республикалық тау-кен өндірісі және металлургия кәсіпорындары қауымдастығының 49 кәсіптік стандартты пайдалану туралы сұранысына кәсіптік стандарттардың сапасы туралы деректер және оларды даярлаудың тау-кен металлургия бағыттарының білім беру бағдарламаларында пайдалану үшін ұсынымдар берілген (2020 ж. ақпан).

– ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының тапсырмасы бойынша пи дайындалды, ОӘБ – ҚарМТУ-ға бекітілген бакалавриат мамандықтары бойынша ОЖСБ өткізу үшін пәндер тізбесі берілді.

– Ж және ЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша ОӘБ - РОӘК туралы нақтыланған Ереже әзірленді, онда ұлттық біліктілік жүйесін дамыту, білім берудің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыру контексінде жоғары білімді жетілдіру үшін заманауи әдіснамалық тәсілдер ескерілді. Ереже ҚР БҒМ-ге берілді (2020ж. наурыз).

– Ж және ЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының және бакалавриат пен магистратураны даярлау бағыттарының сәйкестік кестелері нақтыланды, онда магистратура мен докторантураға түсу үшін даярлау бағыттарының тізбесі айтарлықтай кеңейтілді (2020 ж. мамыр).

– ЖжәнеЖкБ департаментінің тапсырмасы бойынша құзыреттілік білім беруге баса назар аудара отырып, студентке бағытталған оқытудың инновациялық технологияларына талдау жасалды. Мұндай технологияның тұжырымдамалық негіздерін ОӘБ Кеңесінің мүшелері мақұлдады. Осы мәселе бойынша ғылыми мақала дайындау ұсынылды.

– ЖжәнеЖкБ департаментінің тапсырмасы және РОӘК ұсынымы бойынша 2020-2025 жылдарға арналған ҚР ересектерге үздіксіз білім беруді дамыту Тұжырымдамасының жобасы әзірленді, онда Тұжырымдаманың

мақсаты мен міндеттері, іске асырудың негізгі қағидаттары мен бағыттары берілген. ОӘБ – ХАТУ-мен бірлесіп әзірленген осы Тұжырымдаманың тұсаукесері мақұлданды және ҚР БҒМ-ге жіберілді (2020 жылғы маусым).

- «Атамекен» ҰКП тапсырмасы бойынша:
- Ұлттық біліктілік шеңберіне талдау жүргізілді;
- негізгі кемшіліктер анықталған екі кәсіптік стандартқа сараптамалық қорытынды берілді.

- Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тынышпаев атындағы ҚазККА, Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, ҚарМТУ және т. б. ЖОО ұсынған ҚарМТУ ОӘБ – РОӘК грифімен баспаға ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдарына 23 сараптамалық қорытынды берілді және карауға қабылданды: (2019ж. қазан –2020ж. маусым).

- ҚР БҒМ – Болон процесі орталығының тапсырмасы бойынша ОӘБ-ҚарМТУ-ға бекітілген Жжәне ЖкБ білім беру бағдарламаларының тізбесімен техникалық-технологиялық бағыттағы кәсіптік стандарттарды түйіндестірудің жиынтық кестесі әзірленді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің Жжәне ЖкБ жетекшілік ететін білім беру бағдарламаларын бекітілген кәсіптік стандарттарға сәйкес жанарту және оқытудың Негізгі нәтижелерін қалыптастыру бойынша Жол картасын практикалық іске асыру қорытындылары туралы онлайн - мәжілісінде ректор, ОӘБ – ҚарМТУ кеңесінің төрағасы М. Ибатовтың тұсаукесерге арналған материалдары әзірленді (2020ж. маусым).

**Ректор, ОӘБ-ҚарМТУ төрағасы**

**М.К. Ибатов**

**ОӘБ бастығы**

**Ю.Н. Пак**